

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСА УИ
АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ - ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**



**HOCА AHMET YESEVI
ULUSLARARASI
TURK-KAZAK UNIVERSITESI**

Тақырыбы: Науқасқа және оның жанұясына қайғылы хабарды жеткізу.

**Орындаған: Сайлау Н.
Орымбаева Ә
Қабылдаған: Егембердиева Ж
Тобы: ЖМ - 210**

Жоспар

1. *Кіріспе*

2. *Негізгі бөлім*

- Жайсыз хабарды науқасқа және туыстарына жеткізу
- Жазылмас науқасқа оның жағдайын хабарлау
- Өзін-өзі қол жұмсауға бейім науқастарға кеңес беру ерекшеліктері
- Клиникалық мысал

3. *Қолданылған әдебиеттер*

Кіріспе

Жазылмас науқастармен ашық сөйлесу мәселесі өте қиын болып табылады. Бұл тұралы көптеген пікірлер бар. Біреулері пациентке бүкіл шындындықты айтқан жөн десе, екіншілері ауыр науқасқа мейрімділікпен қарап, оған жақындап қалған өлім туралы ешнәрсе айтпайды, ал үшіншілері бұл пациенттің қалауымен жүруі керек дейді. Әрине, науқас өзінің жағдайы туралы шындықты білуге құқылы және оның құқығын аяқ асты етуге ешкімнің қақысы жоқ, бірақ «білуге құқылы» және «білуге міндетті» деген ұғымдардың бірдей емес екендігін ұмытпаған жөн. Білу қақысы мен ақпаратты таңдау қақысы бірдей емес.

Пациенттің еркіндігі, оның нақты шындықты білуге ұмтылысына бағытталған кезде ғана толық болады. Ауыр науқас жақындап қалған өлім туралы ештеме білгісі келмесе, онда айналасындағылар оның таңдауын сыйлауы қажет. Қазаның таяп қалғандығын білу, көбінесе, науқастың жағдайын жеңілдетпейді, сондықтан оның аз білгендігінің де пайдасы бар.



■ Жайсыз хабарды жеткізу

- *Кейде науқасқа жағымсыз немесе жаман хабарды ғана емес қорқынышты хабарды жеткізуге тура келеді. Мұндайда барынша ашық болуға тырысыңыз. Хабарды жеткізуде әр сөзіңізді байыппен, саралай отырып, науқастың үрейі мен қорқынышын мүмкіндігінше басуға тырысыңыз. Өкінішке орай деген сияқты сөздерді қолданыңыз, себебі бұл жайсыз хабардың белгісі ретінде, науқасты алдын-ала дайындайды.*
- *Өкінішке орай, сізге мұны жасау қажет.*
- *Өкінішке орай, бұл қатерлі ісік болып шықты. Сондықтан , біз бір-бірімізді түсініп, бірлесіп әрекет етуіміз қажет.*



- Сіздің анаңызға операцияны көтеру қиынға соғатын тәрізді, себебі жүрегі әлсіз.

Науқастың қиындығын бөлісуге тырысатын сезімтал дәрігер, түсінуге тырысатынын көрсетуі керек.

- Мұның жайсыз хабар екенін білемін, бірақ сізге біз барынша көмек беруге тырысамыз.
- Дәл қазір, Сізге қарқынды ем қабылдау қажет.
- Емханаға уақытты созбай тезірек жатқаныңыз дұрыс болады.



Жазылмас науқасқа
оның жағдайын
хабарлау.


Өлім халінде жатқан адам , өз жағдайын түсініп, көбінесе өз ауруы, таяп қалған өлім туралы өзін терең түсінетін, жұбатқысы келмейтін адамдармен әңгімелескісі келеді. Сондықтан дәрігер немесе кеңесші өлімге байланысты қорқыныштармен фантазияларды, өлім халінде жатқан адамның ұмтылыстарын кәсіби түрде ажырата білуі керек. Бұл пациентті тыңдап қана емес, өз жеке басы өлім туралы не ойлатынын, өмірмен қосып не жоғалтатыны туралы ойларын ортаға салуға мүмкіндік береді. Кеңесші жазылмас науқасты, өмірінің соңғы сәттеріне дейін өмір сүруге талпындыра алады.



Өзіне-өзі қол жұмсауға бейім науқастарға кеңес беру ерекшеліктері.

Депрессия күйіндегі адам көбіне өзіне-өзі қауіпті, себебі онда өз-өзіне қол жұмсауға (суицидке) байланысты жасырын ойлар болады. Депрессивті науқастармен жұмыс жасауда, әлсіз көрінген депрессия, суицидтік ойларға бейім депрессияның ауыр түріне ұласуы мүмкін екенін ұмытпауымыз қажет.

Өз-өзіне қол жұмсау, бұл өте қорқынышты, сұмдық жағдай, сондықтан депрессия, науқаспен жұмыс жасаушы дәрігер, «дәл менің науқасым мұндайға бара қоймас, тіпті ондай ой да жібермес» деген ойда болады.





Клиникалық мысал.

Пациент бір ай бойы тамағына суық тиіп ауырып жүргеніне байланысты терапевтке келеді. Ол пациент мұны жай ғана қарапайым инфекция екен және дәрігер антибиотиктер жазып берер деп ойлайды. Дәрігер жағдайды түсіндіріп, не істегелі жатқанын айта бастайды.

Дәрігер: «Сізге жақсы хабар – бұл қатерлі ісік емес, бірақ бірнеше тест жасағым келіп отыр »

Науқас: «Қатерлі ісік, Сіз мұны қатерлі ісік деп ойлайсызба?».

Дәрігер: «Жоқ-жоқ. Мен мұны тек қатерлі ісік емес деп қана айттым».

Науқас: «Олай болса, мен неге тесттен өтуім қажет?»



Дәрігер: «Кейде тамақтың осылай біршама уақыт суықтап ауруы, жай инфекциядан көрі, басқа бір ауыр жағдай емес пе екен деген ой тұғызады. Сізге де қатысты осындай ой тындап тұр».

Наукас: «Мен мұны ойламаппын, бірақ қазір күдіктеніп қалдым. Сіз менде бар деп ойлайсыз ба?».

Дәрігер: «Жоқ, мен бұлай айтқанда, ойлағанда жоқпын. Тамағыңызды аурудың себебін анықтау үшін тест алайын деп едім».

Пайдаланылған әдебиеттер

1. « Коммуникативтік дағдылар » Асимов М.А , Нурмағамбетова С.А
2. Google.ru
3. Medik.ru
4. «Жалпы хирургия» Дурманов